

Ақтөбе қаласы №34 орта мектебі
2023 - 2024 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша
жас маманмен жүргізілген жұмыстың талдау – есебі

2023 - 2024 оқу жылында би үйірмесінің жетекшісі және мектеп тәлімгері М.Е.Кенжебаеваға тәлімгер болып бекітілдім.
Мақсаты: жас маманның теориялық білім- білігін практикамен ұштастыру; кәсіби шеберлігін шыңдауға ықпал ету.

Міндеттері:


- жас мұғалімге үздіксіз білім берудегі қажеттіліктеріне жәрдем беру, қиындық келтіретін мәселелерді шешу амалдарын көрсету;
- шығармашылыққа баулу;
- озық тәжірибелермен танысып, жаңа технологияларды үйреніп, өмірде қолдануына ықпал ету

Жас маманмен жұмыс жоспары құрылып, соған сәйкес жұмыс жүргізілді. Қыркүйек айында мектептің жалпы құжаттарымен танысты. Ішкі тәртіп ережесі, еңбек тәртібі туралы, білім стандарты, оқу бағдарламасы туралы айтылды, бағыт – бағдар берілді. Күнделікті сабақ жоспарларының құрылымын күтілетін нәтижеге сай әзірлеуге көмек көрсетілді. Күнделікті сабақ өту аясында көрнекіліктерді тиімділігіне қарай үйлестіру әдістерімен таныстырылды. Оқушылармен жұмыс жүргізу бағытындағы іс – шараларды ұйымдастыру мен кластан тыс шараларды өткізу және ұйымдастыру бойынша нұсқау- көмек берілді.

Әдістемелік портфолио жинау бағыттарына көмек берілді. Сонымен бірге, жұмыс барысында туындаған қиындықтарды анықтау, пайда болған сұрақтарды шешу мәселесіне көмек берілді.

Кенжебаева М.Е – шығармашылықпен жұмыс жасайтын маман. Мектептің қоғамдық іс – шараларына да белсене қатыса білді.

I жарты жылдықта жас маманмен жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деуге болады.

Тәлімгер:  Абдраухова Ж.Ж.